

Техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін әзірлеу жөніндегі іс-шаралар Жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 сәуірдегі N 259 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін әзірлеу жөніндегі іс-шаралар Жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспарда көзделген заң жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдар заң жобаларын Жоспарда белгіленген айдың 20-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 7 сәуірдегі
N 259 қаулысымен

бекітілген

Техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін әзірлеу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р / с N	Заң жобасының атауы	Әзір- леуші мемле- кеттік орган	Ұсыну мерзімі	
			Әділет- мині	Үкімет
1	2	3	4	5
1.	Электромагниттік сыйымдылық туралы	ЭМРМ	2006 жылғы наурыз	2006 жылғы сәуір
2.	Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы (жаңа редакцияда)	АШМ	2006 жылғы ақпан	2006 жылғы наурыз
3.	Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы	ИСМ	2006 жылғы наурыз	2006 жылғы сәуір

4.	Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы	ИСМ	2 0 0 6 ж ы л ғ ы наурыз	2 0 0 6 ж ы л ғ ы сәуір
5.	Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы	ИСМ	2 0 0 6 ж ы л ғ ы наурыз	2 0 0 6 ж ы л ғ ы сәуір
6.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ИСМ	2 0 0 6 ж ы л ғ ы ақпан	2 0 0 6 ж ы л ғ ы сәуір

Ескертпе: аббревиатураларды ашып жазу:
 Әділетмині - Әділет министрлігі;
 ЭМРМ - Энергетика және минералды ресурстар министрлігі;
 ИСМ - Индустрия және сауда министрлігі;
 АШМ - Ауыл шаруашылығы министрлігі.